

Мехмет Евкуран

Дағдарыс теологиясы және қоғамдық қозғалыс ретінде салафизм. Салафилік идеология және ислам әлеміндегі ықпалы туралы сараптама

Жаңа заманғы салафи қозғалысы түпнұсқаға қайту пікірін қорғайды әрі ислам әлеміндегі көне-жаңа барлық ерекшеліктерді қабылдамайды. Салафилар бойынша Бақытты ғасырда болмаған барлық нәрсе түбегейлі адасушылық әрі мәзһабтар сондай адасуға апаратын жолдар. Салафи ойшылдар мәзһаб түсінігін қолданбайды, олар салафи ұғымдарын таңдайды әрі салаф дәуірінде мәзһабтың болмағанын алға тартады. Осы себепті салафилік Ислам әлемінің теологиялық әрі философиялық базасын радикал түрде қабылдамайды әрі ол діни түпнұсқаға оралуды дәріптейді. Сунниттік жұмсақ әрі баурағыштық қасиетімен бүгінгі күні дәріптеу тұрғысынан дағдарысты бастан кешуде. Салафилік қуатты түрде сунниттерге қарағанда ақиқатты иеленгенін айтуда. Екінші бір жағынан, саяси қозғалыс ретінде салафилік ислам әлеміндегі тепе-теңдіктерді жояды әрі ислам әлемін тұрақсыздандырады. Бұдан бөлек, мәдениетке қарсы қозғалыс ретінде салафилік бәдәуилікті қолдап, мәдени байлық пен тарихи мұраға қарсы күрес жүргізеді. Салафилік тұрғысынан адасумен күресу жихад болып табылады. Осы тұрғыдан барлық ислам әлемі жихад алаңы іспетті. Олар мұсылман халықтарға оларды құндылықтары, мәдениеттері, дәстүрлері, әлеуметтік мекемелері тағы басқалармен соғысады. Діни әрі архаикалық көзқарастарына қарамастан салафилік жаңа заманғы саяси қозғалыс. Бұл мақаланың мақсаты салафилік сана ерекшеліктерінің негіздерін анықтау әрі басты ұстанымдарын қарастыру.

Түйін сөздер: салафизм, ислам әлемі, мәзһабтар, сунниттер, мәдениет, өз болмысына оралу, саясат.

Mehmet Evkuran

On salafism as a crisis theology and social movement. An Analysis on Salafi Ideology and It's Impacts on The Muslim World -

Modern salafi movement defends concept of return to essence/origin and refuses all of new or old identities in Muslim World. To salafism, everything was not be mentioned in the golden age (in Islamic literature is al-Asr as-Saadah) is inevitably heresy and Islamic sects (mazahib) are heretic roads. Salafist thinkers don't use the concept of mazhab; they prefer salafi and says that it was no mazhab in the salaf age, and they have no mazhab. Thus, salafism rejects the theological and philosophical accumulation of Muslim world radically and it means the theological essentialism. The most influenced structure in Muslim World is Sunnism by rising of salafism. Due to it's eclectic and surrounding structure, today Sunnism suffers from representation crises. Salafism strongly claims that it has truth of Sunnism. On the other hand salafism as a political movement, destroys the political balances and destabilizes the Muslim World. Additionally, salafism as an anticulturalist movement, blesses the badawism and fights the cultural richness and historical heritage. According to salafism to fight against heresy and bid'ah is jihad (holy war). From this point all the Muslim World is primarily space of jihad. They fights against of Muslim peoples and their values, cultures, traditions, social institutions etc. Therefore despite of it's theological and archaic discourse salafism is a modern political movement. The aim of this article is to prove the basic structure of salafi mind and discuss it's main arguments.

Key words: Salafism, Muslim World, Islamic sects, Sunnism, culture, return to origin, policy.

Mehmet Evkuran

Салафизм как кризис богословия и общественного движения. Анализ идеологии салафизма и ее влияние на мусульманский мир

Салафитские мыслители не используют понятия мазхаб; они предпочитают салафиты и говорят, что во времена салафитов мазхабов не было и что у них нет мазхабов. Таким образом, салафизм коренным образом отвергает теологическое и философское накопление в мусульманском мире, и это указывает на богословский эссенциализм. Наибольшее влияние в мусульманском мире получил суннизм с ростом салафизма. Благодаря своей эклектической структуре, сегодня суннизм страдает от развала представительства. Салафизм утверждает, что он имеет истину суннизма. С другой стороны, салафизм как политическое движение подрывает политический баланс и дестабилизирует мусульманский мир. Кроме того, салафизм как антикультуралистское движение благословляет бадауи и борется за культурное богатство и историческое наследие. Несмотря на их теологический и архаичный дискурс, салафизм представляет собой современное политическое движение. Цель данной статьи состоит в том, чтобы рассмотреть основную структуру салафитской мысли и обсудить основные аспекты

Ключевые слова: салафизм, мусульманский мир, мазхабы, сунниты, культура, возвращение к происхождению, политика.

**ДАҒДАРЫС ТЕОЛО-
ГИЯСЫ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ
ҚОЗҒАЛЫС РЕТІНДЕ
САЛАФИЗМ. САЛАФИ-
ЛІК ИДЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ИСЛАМ ӘЛЕМІНДЕГІ
ЫҚПАЛЫ ТУРАЛЫ
САРАПТАМА**

**Ренжүлі топтар мен Шығанақ лоббиі арасында қина-
лысты бастан кешкен идеология**

Салафиликке қатысты басты қатыратын шиленісті жайттардың бірі оның қалай әрі қандай негіздерге сүйенетіндігі мәселесі. Салафи сөздер ашық әрі қатаң түрде өзін тарихи әрі теологиялық тұрғыда исламның бастапқы кезеңдерімен байланыстыратындықтан, оны бір сана болмысы немесе бір түсініс ретінде көру тіке дінді объектілеумен барабар көрінуде. Бұл жағдай салафи сөздің діни ақиқатты иеленетін ықпалының әлі қарқынды екендігінің дәлелі.

Салафи қаталдығын түсіну бүгінгі күн үшін теологиялық болумен қатар интеллектуалды әрі академиялық түйіткілді мәселе. Салафияны идеологиялық құрылым ретінде көру негізі қазіргі Иләһият базасы жеткен деңгей тұрғысынан айтарлықтай үлес. Әсілі идеяларды уақыт өткен сайын бақылап, жаңа жағдай мен қажеттіліктер аясында жаңадан анықтама беру керек. Бұл мейлінше табиғи әрі қажетті жағдай. Бұны негіздеу үшін талпыныс жасаудың өзі қажетсіз. Тек бұған қарсы ой болып саналатын консервативті ойдың барлық сергектігі мен сағынышын мейлінше қолданған әрі бұлардың жаппай пікірдің ішінде жұмсартқан сөзде «эссенциалистік» идеялар алдында өмірдің өзіндей табиғи жаңалануды қорғау әрі оны сенімдер алдында негіздеу қажет.

Осы аяда жиі жасалған бір әділетсіздікті де түзеткен орынды. Түп негізге оралуды тілге ететін ислам ойлау жүйесі ішінде басқа топ немесе анағұрлық дұрысырақ айтқанда ағым бар: ислам модернистері. Ислам модернизмі ислам ойының қысқа уақытта сарқылған мүмкіндіктерінің бірі. Сірә, осы сипаттамадағы модернизм ұғымы себепті шетқақпайлау, күмән мен сыңаржақтыққа ұшыраған. Ислам модернистерінің негізгі айғақтарының бірі исламның түп негізіне қайтуға үндеуі еді. Осы қырымен салафиттердің бақыт ғасырына және исламның таза қалыбына қайту концепциясымен ұқсастығы барын ойлауға болады.

Исламның түп негізге оралу идеясын иеленген екі өзгеше парадигма бұдан табиғи түрде екі өзгеше нәрсені түсінуде. Салафи сөзінің исламның түпнегізіне қайтудан түсінген нәр-

сесі жорамалсыз, сөзбе сөз әрі ритуалды ретінде алғашқы тәжірибені киелендіру. Ислам модернистерінің исламның түп негізіне қайтудан түсінгендері болса, осыншалықты жалаң әрі үстірт емес. Олардың исламның түпнегізімен қалыптастырғысы келген қатынастары о бастан жорамалға жақын. Исламның алғашқы кезеңіне барып, үндеудің ғаламның ұстанымдарын анықтап, бүгінге әкелу өзегі тұрғысынан жорамалға ашық үдеріс. Ислам модернисті бұны жақсы біледі әрі жасаған ісінің жорамалдау, мағына туындату әрі нәтиже шығару екенін шынайы түсінеді. Бірақ бұл шынайылықты ұстанатын топтар тарапынан байқалмай, «ориенталистердің шәкірттерінің» қиратушы бастамасы ретінде аяусыз басып тасталған.

Ал ислам модернисті түпнегізге қайтуды неге қалауда? Ислам модернистіне ғасырды пұтқа айналдыру әрі исламды ғасырдың егемен санасына бас идіруге тырысу секілді жазғыруларға қарсы парадоксальды түрде модернистисламның тарихына әрі бастауларына қол жеткізуді қалауда. Сонда бұл қайшылық емес пе? Неге бұндай бейімдікке баруда? Бұның ең төте жауабы мынандай болуы мүмкін: тарихи исламды және дәстүрлі ерекшеліктерді жақшаға ала отырып, дәуірлес құндылықтар тудыру үшін қажетті бір жорамалға ашық сала қалыптастыру. Болашақтың ауыр әрі жалықтырғыш қысымымен өмір сүрген ислам әлеміндегі топтар өздері үшін болашақты құру батылдығын исламнан өзге жерден таба алмайды. Алайда исламның дөрекі әрі сөзбе сөз жорамалдануы мұсылман әлемі душар болып отырған салқын жағдайдан құтқара алмауда, тіптен көп мәселенің себебі болуды жалғастыруда. Сол себепті дәстүрге әрі тарихи мазмұндарға сыни қарауды мүмкін ететін арақашықтық қою қажет.

Мұсылмандар үшін өтімді әрі орнықты шешім бәрібір исламның ішінен болатындықтан, исламмен анағұрлым жасампаз әрі шешім туындататын қатынас құруды сынайтын модернист ойшылдар мағына, мақсат пен құндылық арқылы исламды қайта тану талпынысына барды. Исламмен басталған бұл бастамада алғашқы тарихи тәжірибе дайын әрі бітұтас шешім емес, шешім үшін қажетті ұстанымдарды сақтайтын құрылым ретінде байқалады. Оны бағалауға әрі жорамал барысына тәуелді етпестен ұстанымдарға қол жеткізудің мүмкін еместігіне сенген модернист ойшыл жорамалдауды әрі ақылға салуды алға шығарады.

Исламның алғашқы кезеңіне қайту концепциясы себепті салафи ойшылдар мен ислам модернистері шатастырылуда. Бұл жердегі ұқ-

састық идея тұрғысында. Бұның ішкі мазмұны қалай болатыны екі бөлек парадигманы көрсетуде. Мынау да бар: жетістікке жете алмаған ислам модернисті қозғалысының келіп соғып күйрейтін ең алғашқы жағалауы салафизм болады. Нигилизм болса, екінші бір балама болып табылады. Неге десеңіз, бағалау, мағына мен қасиеттілікке тола тарихы бір рет объективтелген перспективадан қарағанда барлық түрлі қасиетті әрі мағына ғылыми жорамалданумен қалыптасу ретінде көрінеді.

Қазіргі әлемде салафтықты тек ашушаң әрі бақылаусыз топтардың саналық ерекшеліктеріне сүйеп түсіндіру кемшілікті әрі жеткіліксіз. Қаржылық жағынан қамтамасыз етіп, әрі саясат жетілдіріп, қозғалыстың қоғамдануына жәрдем беретін бай араб елдері оқиғаға халықаралық сипат беруде. Халықаралық қатынастар тұрғысынан қарағанда, салафтықтың бір саясат әдісі ретінде билікке бір шектеу әкелуі мүмкін деп қарауға болады. Неге десеңіз, қатал, бітімге жуымайтын әрі белсенді жағымен салафтықтың прагматик әрі күнбе күн қатынастарға тола қазіргі әлемде рационал саясаттар туындатуға аса рұқсат етпеуін күтуге болады.

Шындық еш ондай емес. Салафи пікірге ие топтардың тәжірибелеріне қарап, бір тұжырымға бару дұрыс емес. Бұл идеологияны қолдайтын билік өкілдері ішкі саясатта тәртіпті қоғам қалыптастырғанмен, сыртқы саясатта белгілі бір саяси мәдениетке байлаулы болу мәжбүрлігін сезінбестен қазіргі әлемге, әсіресе дамыған Батыс елдерімен қатынастарында барынша кең әрі еркін қозғалыс саласына қол жеткізуде. Қатынастардың әрі бюрократиялық институционализацияланудың қарапайым әрі жаңа болған бір кезеңге сілтеме жасап, осы арада бірге мұсылман саяси дәстүр мен бюрократиялық базаны аттап өтуді қажет етуде. Бұл ең тосын, ұғымға күрделі қатынас пен саясатты заңдастыруға мүмкіндік беруде. Расында салафилик идеологияға сүйенетін елдердің әлеммен қатынастары өзге ислам елдерінен айырмашылық байқатады. Ислам елдерімен салқын қатынас орнатып отырған бұл мемлекеттер дамыған Батыс елдерімен жоғарғы деңгейде саяси, стратегиялық әрі экономикалық қатынастар құра алууда.

Антикультуралистік теология ретінде салафизм

Салафи тәлімінің негізгі айғағы діннің негізі мен өзегіне байлану пікірі. Бұл пікірдің негізгі концепциясы Ислам дінінің салаф деп атаған

буынынан кейін бұзылғандығы пікіріне сүйенеді. Салафи көзқарастар кейіннен пайда болған барлық нәрсеге дереу күмәнмен қарап, сенімсіздік танытып, осыны күн тәртібінде ұстауда. Бұзылудың және діннен алыстаудың құралы ретінде жорамал мен ақылға салуға сынмен қаралады. Одан гөрі насстарға бағынуға көбірек мән беріледі. Салафи идеология мәдениеттің нөл нүктесінде өмір сүруді қалауды сыртқа білдіріп, «мәдени балалық» қабылдауының сенімге және белсенді парадигмаға айналдырылуы.

Салафиттік мәдениетке қияли діни тәжірибені орнықтырады. Мәдениет ұғымы, әуел баста адамның жер бетінде тосын сый сипатындағы іс-әрекеттерде болуы мүмкіндігі әрі қоғам деп аталған құрылымда еліктеуге немесе жасампаздыққа сүйенетін туындылар жасау мүмкіндігін есепке алуға сүйенеді. Осының өзі адамға өз өмірінде немесе басқалармен бөліскен тәжірибелерінде дербес ықтиярын қолдану әрі іс-әрекет жасау еріктілігін береді.

Қоғам табиғат секілді өнімді емес. Басқаша болуы мүмкін бола тұра осылай болуы қияли бір құрылым. Табиғат секілді мәжбүр емес, болуы мүмкін жайттарға тола. Қоғамды мүмкін еткен негізгі нәрсе адамның қалауы. Ал мәдениетті адамның еркі тудырады. Бір рет қалыптасқаннан кейін еріктің өзін тазартатын күйде жұмыс істеуі қоғамның онтологиялық ретінде мүмкін әрі фиктивті болуы (*kurgusal olmasi*) шындығын өзгертпейді. Мәдениет – қоғам қатынасында қалыптастырушы фактор болған адам еркінің алдын көре алмайтын шындығын байқағанда тек постмодернист ойшылдар ғана емес. Барлық нақты сенімге ие жандар, әмбебапшылдар мен догматиктер мәдениетті құрған әрі оны түрлендірген негізгі фактор тәуелсіз ықтиярды үлкен реакциямен қабылдап, оны басып тастауға тырысқан. Міне, салафтардың сүйенетін негізгі ұстанымға қарағанда, діни ақиқатқа құлай берілудің астарында адам қалауын шектеп жатқанын көруге болады. Бағыну, кафф, имсак, әлсіздігін мойындау секілді салафи көзқарастың насстың алдында көтерген ұстанымдары адамды адам жасаған ерік күшін шектеуді мұрат еткенде, жорамал, қияс, ақыл мен ижтихадқа қарсы болу да тікелей ерікті тұншықтыруға бағытталған.

Дінді саф қалпында қабылдау, иілмейтін өткір тәжірибе және осының толықтырушысы болған тәкпірлік риторика, барлық түрлі мәдени жорамал мен түрленуді жоқ етуді, жихадтың негізгі мақсаты ретінде түсіндіреді. Ең қатал әрі тұйық адамдардан құралған қоғамның өзінде мәдени түрленуден бойды алыс ұстау мүмкін болмағандықтан, мәдениет-

ке деген салафи жихадтың мәңгілік екенін айта аламыз. Тарих бойы мұсылмандар қол жеткізген барлық жетістіктер мен еңбектен туған құндылықтар Ислам дінінің тазалығын бұзған бидғаттар ретінде қабылданған әрі сынға ұшыраған. Осы тұрғыда назар аударған негізгі шындық Салафтықтың мәдени дұшпандығының зиянын ең көп мұсылман әлемнің тартқандығы. Мұсылман емес елдер, әсіресе Батыс әхлі кітап, Дарул ахд халқы және т.б. секілді сипаттамалармен халықаралық қатынастар тұрғысынан анағұрлым сенімді әрі мүмкіндігі мол бір орынға орналастырылуда. Әркез жағдайлардың талабына сай кейбір сәйкестіктер болса да бұлардың стратегиялық екендігі анықталған. Салафи жихад қабылдауының негізгі іске асыру саласы мұсылман әлемі және тіке мұсылман топтардың өзі.

Ендеше, барлық салафтық бейімдеулер мен қозғалыстарға тереңінен ие болған осы сезім мен пікір туралы сөз ету керек. Түп негізге және діннің таза қалыбына қайту ойы қазіргі жағдайда сезілген шарасыздық пен реніш болса сезімді білдіруі мүмкін. Бұлар мұсылман қоғамының тарихи әрі саяси тәжірибесіне қарай отырып, орын ауыстырып әрі бір-бірін азықтандыруда. Кейде сезім, өзін бір ой не діни түсінік ретінде көрсетіп отырады. Бір дағдарыс теологиясы ретінде салафилік мәдени әрі қоғамдық тұйықтыққа, жаңадан құрылымдалу талпыныстарының табысты болмауына реакция ретінде алға шығуда. Бұл жағдайда мұсылмандардың тек бар жағдайы емес, тарихи әрі мәдени базасы да дінде адасу ретінде байқалады.

Ашулы топтар мәдениет тудыра алмайды, мәдени мұраны иелене алмайды, қайта оны жояды. Мәдениеттің мекені, тарихпен не дүниемен тепетендікте, көкейге қонымды әрі прагматикалық қатынастар құра алған орта тап. Мәзһабтардың дамуы мен институциялануы былайша айтқанда орта таппен болған. Ислам әлемінде ашулы топтардың өздерін таныту үшін салафиліктің мәдениетке және оның айрылмайтын бөлшегі болып табылатын мәзһабтарға көзқарасы типтік төменгі тапқа ызалы көзқарасын көрсетеді. Ашулы адам бақытсыз әрі қиратушы болып табылады. Баста өз мәдени әрі тарихи мұра ретінде мекемелер мен құндылықтарға радикал түрінде қарсы әрі бұларды діни көзқарас ішінде төмендетіп, оларды тазартуға тырысады.

Салафи нигилизмге қарсы мәзһабтарды қайта қарастыру

Қазіргі салафилік көзқарасты қорғайтын топтар мен негізгі мәтіндеріне қарағанымызда, мәзһаб тақырыбының мойындамаушылықпен

қолға алынатыны байқалады. Мәзһаб пен секта ұғымдары діннен ажырап, бидғат жолын таңдаған топтар үшін қолданылады. Сондықтан бұл ұғымдардың салафилықтың сана әлемінде адасушылыққа тең жағымсыз мағынасы бар. Бұл олардың мәдениетке көзқарастарының, табиғи әрі қисын тұрғысынан мәжбүр нәтижесі. Қазіргі салафилерден қай мәзһабты ұстанатыны сұралса, беретін жауабы салафтардың ақидасының ұстанамында болатыны анық. Жаңа заманғы салафи әдебиетінде ең жиі қолданылатындар салаф, салаф ысалихин ұғымдары. Тура бір ислам жаңа уахи етілгендей әрекет жасайды. Уақыттың өткеніне, өмірдің ағымына және шешім қажет ететін жаңа жағдайлардың туындағанын есепке алмайтын, ол жағына жеткіліксіз болып қалған салафи сана шешімді ең аңғал түрде насстарға жүгінуден тапқан.

Мәзһабтар жайлы Ислам әлеміндегі түсініктердің алғашқысы салафилардың түп негізге оралу шындығымен көрсеткен мойындамау іс әрекеті. Олар бойынша мәзһабтардың барлығы Исламнан адасуды білдіреді. Олар айтып жүрген көзқарастардың ешбір заңдылығы жоқ. Екіншісі болса мәзһабтық ерекшелікті исламның орнына қоятын, дін-мәзһаб біртұтастығы жаңылысына апаратын түсінік. Бұл түсінік иелері өз мәзһабы исламды толық көрсетеді деп сенеді әрі өзге мәзһабтары қателесуші, қате ағымдар деп қабылдайды.

Бұл түсініктің сыни бағалауын қамтыған анағұрлым өлшемді әрі шынайырақ көзқарас танытуға болады. Мәзһабтарды радикал түрде қабылдамайтын радикал салафи тәсілі белгілі бір мәзһабтың көзқарастарын қорғағандығын аңғармайды. Түп негізге оралу деген уәжбен тарих бойы мұсылмандар құрған мекемелерді және құндылықтарды жоқ санаған бұл түсінік мұсылмандарды біле тұра немесе білместен тарихтан ажыратуға тырысуда. Әр мәдениеттегі секілді мұсылмандар да қалыптастырған мәдениеттің жағымды-жағымсыз жақтары болуы мүмкін. Жаңа бір мәдениет қалыптастыруда тек осы жағымды-жағымсыз ерекшеліктерді ойлау, сараптау, сұрыптау арқылы құрылуы мүмкін. Бірақ айтылған түсінік байлыққа тола тарихи базаны күпірлікке жатқызғаны үшін өткені мен болашағы жоқ алғашқы кездегі дін түсінігін қолға алуда. Бұл тікелей өмірді елемей қоюға тең түсінік.

Мәзһабтарды сынау заңды әрі қажетті де. Алайда мәзһабтарды сынау салафилардың жасағанындай тарих пен мәдениетке деген дұшпандықпен емес, дін, ақыл, мәдениет пен құнды-

лықтар тұрғысынан болуы тиіс. Сондықтан мәзһабтарды сынағанда жүгінетін тіл мұсылмандардың ислам туралы ойлауын, құндылықтар тудыруын, философияға баруын о бастан мақұлдауы тиіс. Алайда бұндай қабылдау арқылы мәдени әрі теологиялық мұрамызды пайдалану әрі бағалы туындылар жасауға жол ашық болуы мүмкін. Бұған қарсы түрде уақыт пен мекеннің жансыз суретінен ақиқат тудыруға тырысқан салафи парадигма табиғатынан мәдениет тудыратындай мүмкіндіктерден мақұрым.

Салафизм «Көбелек ықпалын» жасай ма? Сунниттік-Салафилік қатынасы

Салафилік пен Сунниттікті салыстыру қиындыққа тола ауыр жұмыс. Әр жұмыстың әрине өзіне тән қиындығы бар. Бұл жердегі қиындық Сунниттік жақтан туындауда. Салафилік барынша анық, нақты әрі қанық көрініске ие болғандықтан шегін белгілеу оңай. Салафи көзқарастар зерттеушіні шаршатпастан өзге мектептермен қатынасын теориясы әрі практикасымен анық түрде анықтап береді. Шынтуайтында Сунниттік үшін дәл осы нәрсе-ні айту аса мүмкін емес. Сунниттік парадигма баураушы әрі кең ерекшелігімен танымал. Кәлам мектептерінен әшғарилік пен Матуридилік, Суфи құрылымдар, фикһ мектептерінен Ханафи, Шафиғи, Ханбали мен Малики мәзһабтары Сунниттік шатырдың астында бірігеді. Әсілі тарихта бұндай бірігу жүзеге аспаған. Бірақ таным деңгейінде Сунниттік қалыптасқанда Ислам әлемінің барлық теологиялық базасын (Шииттер, Мұғтазила мен Харижиттіктен тыс) қорғауға тырысқан. Осы себепті Салафилік бұрыннан саналық ерекшелігімен Сунниттердің шатырының астына алынған. Әсіресе, Ханбали мектеп Сунниттер ішінде Салафилерге ең жақын мәзһаб ретінде салафи құндылықтарды Сунниттер ішінде дәріптеп, соны өзіне жақын көрген. Салафилардың Сунниттік мәселеде шатасуда емес, оларда бәрі анық. Қайта Сунниттік әлемде салафилерді қалай түсіну әрі қандай жіктемеге қою мәселесінде анықталмаған тұстар бар.

Түркия Дін істері басқармасы жариялаған Ислам энциклопедиясында Салафия бабында Салафия «Ақида мәселесінде Құран мен Сүннетке байланған және жорамалды қабылдамайтын мектеп» деп анықтама берілген әрі мынандай мәліметтер келтірілген: «Сахаба мен табиғин мәзһабын ұстанған фаһих пен мұхаддистердің жолы ретінде де анықтама берілген. Салафия

бұдан бөлек, ерекше Әхлі сүннет (әхлі сүннет және хасса) ретінде де айтылады».

Салафилікке тән осы анықтама Әхлі сүннет ойшылдары тарапынан жасалған. Салафилықты Әхлі сүннеттің өзегі ретінде көру Сунниттікті салафилықтың алдында назары пәс, ұятты жағдайға итермелеуде. Салафилер сөз болатын орталарда орташа алғанда Сунниттік сананың әрдайым мәселені сыпайылықпен қолға алуы, салафи идеологияға сәл де болса бас игені әрі оны бақылаушы бір негіз ретінде қабылдауына қатысты.

Келесі бір жағынан, Салафи жақтың ісі анағұрлым жеңіл болып көрінуде. Салафи ойшылдар мәтіндерде исламды бұзған адасушы топтар деген желеумен өзінен тыс ислами құрылымдардан артықшылық иеленуге тырысуда әрі оны табысты түрде орындауда. Салафи көзқарас түп негізінде салафтардың жолы әрі сенімін ұстанымына иек артатындықтарын алға тартады. Осы ұғымды қолдануға мұқият қарайды. Салафи жолын айшықтау әрі түсіндіру тұрғысынан Әхлі сүннет уәл жамағат ұғымын да қолданады. Ұғымның осындай пішінде қолданылуы Салафи идеологияның бар Суннит әлеммен байланыс құру және оны қамту бастамасы ретінде жүргізілуде. Қайта «шынайы сунниттікті» салафилер дәріптеп жүргеніне баса назар аударып, Әхлі сүннетпіз деп жүргендердің қалғандарын шетке ысырып, өзгелер деп бөлектеу мақсатында қолдануда.

Ибн Таймияның ақида тақырыбындағы мәтініне жазған түсіндірме мен жорамалда сипаттар мәселесі қолға алынғанда, әшғари мен Матуриди кәламшыларын қай орынға қойғанын көру тұрғысынан мына түсіндірме кездеседі: «Әхлі сүннет уәл жамағаттың нақты негіздерінің бірі Алланың жаратқандарына деген ұлылығы мен аршыға истәуасын (көтерілуін) дәлелдеу. Бұл әхлі сүннеттің Жаһмия, Мұғтазила, әшғариядан (мен Матуридия) сол арқылы бөлінген барынша маңызды негіз». Дәл сол еңбекте әхлі сүннет пен әхлі бидғат арасындағы айырмашылықтар көрсетілгенде, әхлі сүннеттің иләһи сипаттарының ешбірін жоққа шығармастан, жорамалсыз, тахрифсыз, тәмсилсыз дәлелдегені көрсетілген және бұл мәселеде бидғатшылардың екі тобының өзіне қарсылық танытқаны айтылған. Бұл бидғатшы топтардың алғашқысы Жахмия мен Мұғтазила. Екіншісі болса, әшғария (мен Матуридия) тобы және оларға ергендер ретінде саналуда. Назар аударатын бір тұс, түсіндірме бөлімдерінде әшғарилық ұғымымен қатар жақша ішінде Матуридилікті де көрсеткені.

Матуридилік пен әшғарилық, әсіресе Мүржиямен қатынасы және мүржияның кейбір көзқарасына жақын болғандықтан, сынға ұшыраған әрі бұрынғы салаф жолынан алыс ретінде көрсетілген. Кәламшылардың иманының анықтамасы, болмысы мен амал-қатынасына тән көзқарастары сыналғанда, Мүржияның ықпалында болғандығы айтылады. Бұл үдерісте Мүржияның фақиһтерінің ойнаған рөліне назар аударылуда әрі Ханафи фақиһтер бірінші дәрежеде жауапты етілуде.

Бір мәдениеттің күші мағына мен құндылық тудыруында, өткен мен болашақ арасында бөлінбестен қазіргі уақытты өмір сүруге мүмкіндік беруінде жатыр. Мағына мен құндылық тудырмайтындыр үшін екі жағдай байқалады: әуелгісі өзінен алыстап, өзге мәдениетке ойысу. Екіншісі болса, өз мәдениетінің түп тамырына дейін жетіп, жаңадан тууды қалау. Көрініске толықтай көз жібергенде, салафилік Ислам әлемінде тұйықталған әрі мағына туындата алмайтын қоғамдық және мәдени құрылымдарға ең радикал түрдегі мойындамау. Ислам әлемінде қол жеткен экономикалық және саяси жетістіктерге қарамастан білімнен, құндылықтар және эстетикадан алыстау нәтижесінде туындайтын нигилизмнің теологиялық тілмен қатаң түрде көрініс беруі. Ендеше, тұйықталған Сунниттік парадигманың өзін жауапқа тартатын бір күш ретінде ұсынған Салафилікпен бетпе бет келуі мәжбүр жағдай. Сунниттік қалай исламның тарихи әрі теологиялық бөлігі болса, реакцияшыл әрі мойындамау механизмі ретінде жұмыс істейтін салафи идеология да осындай. Ислам ойлау жүйесі әрі әсіресе Сунниттік өз ішіндегі салафи тармағымен кездесіп, олармен болған таластардан күшейгенде барып бір үміт беруі мүмкін.

Өзін тарихи әрі теологиялық ретінде объективизациялап, өзіне сырттайғы сыни көзбен қарай алмаған, діни санамен салафилерді дұрыстау емес, мәселені толықтыру да мүмкін емес. Өзін діни ақиқаттың өзегі әрі саф таза қалыбы деп танытқан түсінікпен жүздесу оңай емес. Оған қарсы тұру және оның әсіреліктерімен күресу еш оңай емес. Ол үшін ең жоқ дегенде салафилардың шамасында діни ақиқаттарға иелік ету және оған құрметпен қарау сынағынан табыспен өту керек. Бірақ діни ақиқат пен осы табысу әрі бірегейлену сөз, тарих пен кейіптен гөрі мағына, мақсат пен құндылықтар арқылы жүзеге асуы тиіс. Өзін жорамал, әдіс әрі мектеп ретінде ұсынған шешімнің салафи көзқарастың иеленуші іс-әрекетін жұмсартуы немесе оған қарсы тұру мүмкін емес болып көрінуде.

Қазір орын алып отырған көрініске қарағанымызда, алғаш көзге ұратын шындық салафилықтың Сунниттік әлемде құрметін және салмағын сақтап отырғандығы. Осы ашық құрметті тұғырға қол жеткізуі салафилардың бір жақты жетістігі емес. Бұл жерде сунниттердің құрылымдық әрі парадигмалық болмысының және рұқсат етуінің я сәйкес деп табуының ықпалы да қарастырылуы тиіс. Мейлі саяси әрі сана ерекшелігі ретінде Салафи идеология Сунниттік әлемді ықпалына алып отыр. Бұл тұста өсіп әрі кеңейіп бара жатқан Шииттік толқынның ықпалын да назардан тыс ұстауға болмайды. Тарих бойы қай кезде Шииттік әлемде өсу я кеңею орын алған болса, осы жағдайға реакция ретінде Сунниттік әлемде салафи-Ханбали тамыр адырайып, Сунниттердің абыройы мен бағасын қорғау үшін алға шыққаны байқалады. Бұл тамырдың күшейіп, қоғамдық іс туындатуы өзімен бірге сунниттік парадигма тұрғысынан дәріптеу дағдарысына жол ашқан. Алайда негізгі себеп Ислам әлемінде, әсіресе Сунниттік әлемде мағлұмат пен құндылық саласында орын алған салқындық пен тұйықталу. Өзін жаңалайтын талаптар мен мүмкіндікті қалыптастыра алмаған немесе бұған жеткіліксіз болған Сунниттік әлемде тарихи тұрғыдан дағдылы болған нәрсені жасауда, оқиғалардың ар жағында болып реакцияшыл әрі реактив іс-әрекеттермен тепе-теңдік ұстауға тырысуда.

Салафи идеологияда мағлұмат мәселесі

Ислам әлемінде мағлұматқа негізделген интеллектуалды ойдың дамуының алдында қасиетті немесе қасиетті болып көрінетін екі кедергі бар. Әуелгісі мағлұмат пен интуиция арасында ебедейсіз бір қарсылықты қатынас құрған әрі ілімге қарсы ирфанды орнықтырған суфи теологиясы. Бұл жерде ілім өзі ішінде захир және батин болып бөлінеді. Болмыстың шынайы әрі саф мәліметіне жеткізетіні батини әдістемелер. Захирден аса алмай қалған ғұлымдар батинның соңына түскен арифтердің жанында әлдеқайда төменде тұрады. Жасаған істері көрінетін әлемнің өтпелі мәліметімен айналысуды білдіреді. Ал шынтауайтында, ирфан әхлі біз білетін жазу әрі ақылға салу әдістемелерінен де ықпалды басқа мағлұматтандыру мен ағарту жолына биіктетеді. Захир ғалымдарының мағлұматқа қол жеткізу үшін көрсеткен интеллектуалды еңбегін төмен санап, тым болмаса өте төменде көрінген басқа тұрғыдан мағлұмат, ілім мен осы жолдағы талпыныстардың аса бір мағына

бермегенін және аса бір бағасы жоқтығын айту қиын емес.

Мағлұматқа анағұрлым қиратушы соққы салафи эпистемиологиясынан келуде. Салафи көзқарас бойынша, хазірет Пайғамбар дінді сол қалпында саф әрі тура түрінде сахабаға түсіндірген, олар ешбір делдалсыз тындаған дінді түсініп, соны өмірде ұстанған әрі кейінгілерге жеткізген. Дінді дұрыс түсіну үшін салаф деп аталған осы буындарға және олардың сенімдерін жеткізетін имамдарға бағыну керек. Ақылға салу, жорамал, илхам секілді жолдармен дінді түсіну, араға дәнекерлер салу әрі жеңіл дінді қиындату деген мағынаға келеді. Бұл негіздеме мәжбүр түрде нақыл мен әсарды (eser) алға шығарады. Салафи эпистемиологиясында ілім мен нақыл ұғымдары тең дәрежелі етілген. Сунниттердегі әхлі хадис қозғалысы да сана ретінде салафилермен бір құрылымдық ерекшеліктерге ие.

Нақыл болса да нәтижеде қолда мәтін бар және баста Алладан бастап метафизикалық тақырыптар туралы сөз етуде. Алланың бар әрі бір екенін мойындалғанның өзінде Құранда айтылған сипаттарды және істерді қалай түсіну керектігі маңызды бір мәселе. Насстарда Алланың келуі, күлуі, аяғы, саусақтары, қолдары, тағы мен күрсісі секілді сипаттамаларды қалай түсіну керектігі адам санасы үшін күнәртібіндегі айтарлықтай мәселе. Бұларды сол күйінде жорамалсыз, кейіпсіз қабылдайтын салафи көзқарас сырттай насстарға ақылды жақындатпаумен дұрыс іс істедік деп ойлауда. Алайда қарсыластарының олар үшін айтқанына дөп келіп, тәшбиһ пен тәжсимге ұрынууда. Мүмкін бұл жағдай салафиларға дұрыс көрінеді, насстардың сыртқы пішініне қатты жабысудың осы нәтижеге әкелетіні, ақылға оғаш көрінсе де бұны талқылауға болмайтындығын айтатын болады.

Насстарда айтылатын үкімдерді және айтылатындарды ақыл тұрғысынан қабылдау қиынға соққан жағдайларда жасалуы керекті іс насстарға бағыну. Жорамалға жүгінуден басты алып қашу жеткілікті емес, бұдан бөлек, кейіп беруді жауапқа тартудан да алыс тұру керек: «Олар хикметін түсінсе де, түсінбесе де діннің настарына бағынады. Насстарды ақылдарына салмайды. Қайта ақылдарын насстарға қаратады әрі оларды сәләфы салихиндардың (бұрынғылардың) түсінгеніндей түсінеді».

Салафияның ақылға және кәламға көзқарасын қолға алған бір еңбекте мына көрініс берілген: «Мұғтазила, Әшғари мен Матуриди кәламы жайында Салафияның көзқарасы мынау: Кәлам ғалымдары нассты ысырып, оның орнына

ақылды таққа отырғызған, сөйтіп ылғи соның сөзін тындап, соған бағынған».

Екеуіне де құмарлық пен қатты қалаушылық күйдіріп бара жатыр. «Ойнаушы Тәңір – Playing God» атпен берілген сезім-ой жағдайы әр екі парадигманың да дәнегін құрайды. Әуелгісінде «фәна филлаһ» ретінде қойылған мақсат «Тәңірі секілді болудан (тахаллуқ би аһлақиллаһ) тәңірге айналуға мүмкіндік беруде. Екіншісінде болса, онтологиялық емес, тек эпистемологиялық ретте сол ойын сахыналанды. Айталық, кімнің мұмин, кімнің кәпір екенін белгілеу, оған қоса осы үкімге сүйене отырып ол адамның «өмір сүруіне немесе өлуіне шешім қабылдау» тіке Тәңірді салудан басқа ештеңе де емес.

Қате бағытталған сезімталдық сезінбеушілікке, ұжданның соқырлығына және күйретушілікке себеп болады. Салафизм жаңа заманда мұсылмандарды тек теологиялық әрі мәдени тұрғыдан түгесіп қана қоймай, саяси әрі қоғамдық тұрғыдан да тұрақсыздыққа итерме-

леуде. Осы идеология билік құрған бай араб елдерінде жаңа ұрпақтардың мұсылман әлемінің сезімталдығын бөлісудің орнына жылдам түрде Батыстық құндылықтарға және өмір сүру кейпін қабылдай бастауы бұл парадигманың ұзақ мерзімді Ислам әлемін қанаушылыққа бас идіретіндігінің белгісі.

Ендеше ең кең мағынасын алғанда теологиялық тұрғыдан жасалатын істердің әуелгісі сергектікті белгілі бір ақылға салу өресінде арттыра түсу. Неге десеңіз, әсіресе Таяу шығыс (Ortadoğu) өз сеніміне берік, шынайы әрі сезімтал адамдардың бір-біріне көрсететін әділетсіздік пен озбырлықтарға толы. Ендеше, діни сезімталдықты арттыру үшін жұмыс істеу шешім емес. Егер ой дұрыс істемесе, нақты сенімдердің санын арттыру, әлемді тозаққа айналдыру деген мағынаға келеді. Дұрыс әрі анағұрлым адами тұрғыда ақылға салумен алға жылжымаса, «діндарлық» нақты бүкіл мәселелердің бастауы болады.

Әдебиеттер

- 1 Ahmet Akbulut, «Seleflîğın Teolojik ve Düşünsel Temelleri», Tarihte ve Günümüzde Seleflilik, İstanbul, 2014
- 2 İbni Teymiyye el-Harrânî, el-Akîdedü'l-Vâsitiyye ve İhtiva Ettîğî Yüce Mebâhise Dair Tenbihât, şerh: Abdurrahman b. Nasır es-Sa'dî, talik: Abdulaziz b. Abdillâh b. Bâz, çev. Hüseyin Cinisli, İstanbul, 2013
- 3 İbni Teymiyye, Minhâcu's-Sünnet'i-Nebeviyye, Kahire, 1986
- 4 İmam-ı Azam Ebu Hanife, İmamı Azam Ebu Hanife ve Eserleri, «Osman el-Bettî'ye Yazdığı Risale», çev. Abdolvahhab Öztürk, İstanbul, 2012
- 5 İslam Ansiklopedisi, 'Selefiyye' md., cilt 36, İstanbul 2009
- 6 Muhammed b. İbrahim el-Hamed, Ehl-i Sünnet'in Seçkin Özellikleri, çev. Serkan Özgül, İstanbul, 2007
- 7 Muhammed bid el-Câbirî, Arap-İslam Siyasal Aklı, çev. Vecdi Akyüz, 2. Baskı, İstanbul, 2001
- 8 Mehmet Evkuran, «İslam'da Eşitlik ve İtibar Talebinin Teolojik Dili- Mukallidin İmanı ve İmanda İstisna Tartışmalarının Sosyo-politik ve Kültürel Bağlamı», Uluslararası İmam Maturidi ve Maturidilik Sempozyumu, <http://www.bilgelerzirvesi.org/bildiri/maturidi/Prof-Dr-Mehmet-EVKURAN.pdf>
- 9 Mehmet Evkuran, Sünnî Paradigmayı Anlamak-Bir Ekolün Politik ve Teolojik Yapılanması, Ankara, 2. Baskı, 2015
- 10 Mehmet Zeki İşcan, Seleflilik-İslamî Köktenciliğın Tarihi Temelleri, 2. Baskı, İstanbul, 2009
- 11 Osman Ali Hasan, Kavâidu'l-İ'tikâd alâ Mesâlihi'l-İ'tikâd, Dâru'l-Vatan, 1992
- 12 Süleyman Uludağ, İslam Düşüncesinin Yapısı, İstanbul, 1976
- 13 eş-Şemsu's-Selefi el-Efgânî, A'dâu'l-Mâturidiyye li'l-Akîdeti's-Selefiyye, Peşaver, 1998
- 14 Sefer b. Abdurrahman el-Havâlî, Mürcie İnanıcı ve İslam Ümmeti Üzerindeki Kötü Tesirleri, çev. Ebu Abdurrahman Azadi, İstanbul, 2012
- 15 Tarihte ve Günümüzde Seleflilik, Ed. Ahmet Kavas, Ensar Yayınları, İstanbul 2014